«Сейфуллин оқулары – 18(2): « XXIғасыр ғылымы – трансформация дәуірі» халықаралықғылыми - практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18(2): «Наука XXI века – эпоха трансформации » - 2022.- Т.I, Ч.I. – Б.66-68

КҮЗДІКТРИТИКАЛЕНІҢАРАЛЫҚДАҚЫЛРЕТІНДЕЖАСЫЛКОНВЕЙЕРЖҮЙЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Болатбек Ж. магистрант 2 - курс
Нұр-Сұлтан қаласы, « Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ

Ауыл шаруашылығының басты маңызды әрі өзекті міндеттерінің бірі ішкі және сыртқы нарыққа бәсекеге қабілеттілігі жоғары, сонымен қатар өзіндік құны төмен, сапасы жоғары азық – түлік пен шикі зат көздерімен қамтамасыз ету болып табылады. Мемлекетімізде ауыл шаруашылығымен айналысып нарыққа және экспортқа өнім шығаруға мүмкіндіктер көп. Алайда, кейбір табиғи факторлар мен экономикалық жағдайларға байланысты кейбір өзекті мәселелер қазіргі уақыттта әлі де зерттелуде.

Ауыл шаруашылығының мемлекет тарапынан нарықтық қатынасқа көшуіне байланысты елімізде соңғы жылдары өндірістік кәсіпорындардың түрлері артты. Бұл кәсіпорын құрамына жеке ірі, орташа және ұсақ шаруашылықтар да кіреді. Шаруашылықтарда өнім алу және тиімділігін арттыу кезінде мал шаруашылығында азық қорын игеруде ғылыми негіздерді пайдалану аса маңызды. Себебі, малдан алынатын өнімдердің өзімдік құнының 60-73% - ын азық құны құрайды[1].

Мал шаруашылығы перспективтілігі жоғары, ауыл шаруашылығының ажырамас бөлігі болып табылады. Қазіргі кезде заманауи талаптарға байланысты мал шаруашылығын дамытуда модернизацияны пайдалануды дамыту қолға алынуда. Мал шаруашылығында басты мақсат өнімділігі жоғары, әрі құнарлылығы мен сапасы жоғары мал өнімдерін алу болу болып табылатындықтан, малға дайындалатын азықтың құнарлылығымен сапасының жоғары болуымен қатар, азық қорының жеткілікті болуы да өзекті болып табылады.

Жасылконвейер деп үздіксізжаюкезеңіндемалдарды жасылбалаусамен, яғни малазығыменқамтамасызететінжоспарланғанөндірістікжүйені айтамыз. Жасыл конвейер жайылымдар мен көпжылдық шөптердің егістіктеріне және себілу мерзімдері әртүрлі біржылдық шөптерге негізделеді[2].

Шаруалар мал шаруашылығы өнімдерінің ең көп мөлшерін жайылым кезеңінде алады.Сол себепті бұл кезеңде малды толыққанды жасыл азықпен қамтамасыз етуге ерекше назар аударған жөн. Сондықтан малдарды жаз мезгілінде мал азығымен қамтамасыз етуде дұрыс ұйымдастырылған жасыл

конвейердің маңызы өте зор.

Аралық дақылдар – қосымша өнім алу мақсатында сол жылы негізгі егін жиналғаннан кейін егістікке егілетін ауыспалы егіс дақылдары. Ауыл шаруашылығында көбінесе жылы кезеңнің дақылдары 50 – 70% өсіріледі. Мысалы, қара топырақ емес аймақта жаздық және күздік дәнді дақылдарды жинағаннан кейін екі – үш ай бойы бос қалады. Осы кезеңде 100 – 150 мм жауын – шашын түседі, ал белсенді температураның мөлшері 1000 °С немесе жылы кезеңнің агроклиматтық ресурстарының 30 – 40% - ға жетеді. Аязсыз күндер саны 65 – 70 күнге жетуі мүмкін. Жасыл мал азығын немесе жасыл дақылдарынан қосымша өнім алу үшін жеткілікті болып табылады. Аралық дақылдар малдарды азықпен қамтамасыз етуде мол өнім алуға ықтималдылығын арттырады. Сол себепті аралық дақылдарын өсіру мал шаруашылығында өте тиімді әрі өзекті болып табылады [3].

Күздік аралық дақылдарды күзде сеуіп, ерте көктемде негізгі дақылдарды сепкенге дейін өнім алу мақсатында өсіреді. Бұл дақылдарда дақылдардың өсуі мен дамуы үшін жазғы - күзгі егіннен кейінгі және ерте көктемгі егіс кезеңінің бір бөлігі қолданылады. Күзгі аралық дақылдар маңызы тек қана егістің өнімділігін арттырып қоймай, сонымен қатар, ерте көктемде негізгі мәдени дақылдар өнім бергенше, малды азықпен қамтамасыз етеді [4].

Күздік мал азықтық тритикаледақылы мал азықтың әлеуетті көзі болып табылады. Басқа да мәдени мал азықтық дақылдармен салыстырғанда егістіктен 20–30% - ға дейін қоректік заттарды жоғарлату қабілетіне ие [5].

Тритикаленің азықтық тәжірибелік құндылығы жасыл массаның жоғары биологиялық әлеуетіне байланысты. Бұған өсімдіктің жалпы биомассасындағы дәндінен басқа бөліктің жоғары үлесі ықпал етеді, бұл жемшөп дақылдары үшін маңызды болып табылады. Жасыл массасының макисмалды өнімділігі масақтанудың бастапқы сатысында қалыптасады. Жақсы жапырақтануының арқасында, сабағында лигнификсация процессінің баяулығынан тритикале жемдік қасиетін ұзақ уақыт бойы сақтайды.

Күздік мал азықтық тритикале, күзгі - қысқы ылғал қорларын пайдалана отырып, басқа малазықтық дақылдармен салыстырғанда жасыл массаның жоғары және тұрақты өнімділігін қалыптастырады. Соңғы уақыттағы климаттың аридизациясының жалпы тенденциясы, оның континенталдылығының күшеюі байланысты бұл өзекті болып табылады.

Тритикале жапырақтары мен сабақтарының ең зиянды ауруларыға төзімділігі маңызды рөл атқарады. Барлық негізгі аурулардан генетикалық қорғалған сорттарын таңдау пестицидтермен өңдеуді аса қажет етпейді. Экологиялық таза шикізат алу үшін де маңыздылығы жоғары болып табылады.

Тритикаленің мал азықтық сорттарының өсімдіктерінде жапырақты санының көптігіне байланысты бидай мен қара бидайға қарағанда шикі ақуыз 15 – 20% көп, абсолютті құрғақ массасында 6% - ға дейін ақуыз, 20 – 22% қант, 120 дейін мг / кг каротин бар. Тритикале ақуызы бидайға қарағанда экзогендік амин қышқылының құрамына ие, бірақ қара бидайға қарағанда аз.

Тритикале басқа дәнді дақылдарға қарағанда минералды құрамы жоғары және липидтердің төмен мөлшері болып табылады [6-7].

Жасыл конвейерді ұйымдастыруда күздік дақылдардың маңыздылығы жоғары, әсіресе күздік тритикаленің алатын орны ерекше. Күздік тритикале ерте көктемде жасыл конвейер жүесінде малдарға жоғары өнімділігігі мен тағамдық құндылығының жоғарлылығы арқасында жақсы мал азықтық дақыл бола алады. Салыстырмалы түрде басқа мал азықтық астық дақылдарына қарағанда аурулар мен зиякестерге де төзімділігіне байланысты пестицидтерді аса қажетсіне қоймайтындықтан экологиялық тұрғыдан таза өнім ала аламыз, бұл сонымен қатар экологиялық тұрғыдан таза мал өнімін алуға және өзіндік құнының төмен болуына да әсер ететіні анық. Күздік тритикаленің құрғақ массасы құрамының қоректік және малдардың организіміне пайдалы заттарың жоғарылығына байланысты құнарлы мал азығын дайындай аламыз. Жасыл массасының ақуыз балансын жақсарту үшін тритикалені бұршақ дақылдарымен қосып, қоспа ретінде себу ұсынылады. Ең бірінші бұршақ тұқымдас ретінде ұсынылатын күздік сиыр жоңышқа. Мұндай дақыл қоспаларының жасыл массасында ақуыз және маңызды амин қышқылдарының балансы өте жоғары және әртүрлі мақсаттарға жарамды болып келеді. Сондықтан күздік тритиаленің жасыл конвейер жүйесіндегі алатын маңызы өте зор.

Әдебиеттер тізімі

1. Қожалы Б.Қ, Оңғарбаев.Б.Т. Мал азықтандыру мөлшері мен рациондары. Анықтамалық оқулық. – Алматы, 2014. – 3 б.
2. Аманова Р.П.,Аман К.П. А52/Ауылшаруашылығынегіздері:оқуқұралы/Р.П.Аманова,К.П.Аман.– Алматы:«Бастау», 2019.–227 бет.
3. Земледелие. Учебник для вузов/Г.И. Баздырев, В.Г. Лошаков, А.И. Пупонин и др. — М.: Издательство «Колос», 2000. — 551 с.
4. Ф. И. Привалов, доктор с.-х. наук, А. Ч. Скируха. Промежуточные культуры в севооборотах как фактор повышения устойчивости земледелия и улучшения использования агроклиматических ресурсов, - 4 с.
5. Грабовец А.И. и др. Технология возделывания и использования кормовой озимой тритикале.П. Рассвет, 2010. 35 с.
6. Ковтуненко В.Я. Селекция озимой и яровой тритикале различного использования для условий Северного Кавказа: автореф. дис. … докт. с.-х. наук. Краснодар, 2009. 25 с.
7. Assessment of indicators determining the usage level of winter triticale cultivars for bioethanol production Magdalena Pol-Szyszkoa, CezaryPodsiadło